

Ағыбай батырдың мерей тойы шеңберінде ұлттық спорт жарыстарынан өткен аудандық ашық спартакиада аламан бәйге, жорға жарыс қыз қуу, көкпар, теңге алу, аударыспақ жамбы ату, тоғызқұмалақ, қазақша күрес ойындарымен жалғасты,

Аламан бәйгеден озып келген бес алғашқы орынға жүлде тағайындалса бас бәйге тігілген «Жигули» автокөлігін Топар ауылынан келген 35-ші нөмерлі шабандоз иеленді: Ат иесі Ә. Жылтыркөзов. Жорға жарысында Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Ж. Бітімбаевтің жорғасы мәреден бірін




## Мерей той шеңберінде өткен спорт жарыстары

ші болып өтсе. Еңбекшіл ауылының шабандозы Т. Әміровтің аты екінші келді.

ші және екінші орындарға ие болды.

Палуандар белдесуінде 48 келі салмақта Кеншоқы



халқымыздың ұлттық ат спорты ойындарының бір түрі. қыз қуудан ауылдасымыз Г. Құдайбергенова жеңімпаз танылса, теңге алудан Әбдіқасов алдына жан салмай жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.

Көкпар жарысында додаға түскен көкпаршы командалары арасынан бірінші орынды жеңіп алған Қармыс ауылының көкпаршы жігіттерінің мерейлері үстем болса, аударыспақтан 65 келі салмақта Р. Қаппаров, 80 келі салмақта Е. Жұмашев, 80 келіден жоғары салмақта М. Тәттімбетовтер бірінші орынды иеленіп, жүлдегер танылды.

Жамбы ату жарысында құралайды көзге ататын мергендігімен ерекшеленген Қармыс ауылының сұрмергені Ж. Бакиев бірінші орынды жеңіп алды.

Тоғызқұмалақ жарысында аудан орталығының тоғызқұмалақшылары намысты қолдан бермеді. М. Горький мектеп-лицейінің ойыншылары Дидар мен Данияр Сыздықовтар жүлделі бірін

ауылынан келген палуаны Т. Несекеев 42 келіде өспендік С. Карипов, 56 кг. карағандылық Таханов 65 кг., карағандылық Н. Назаров, 73 кг., Е. Түсіпханов 82 кг. Н. Намысов, 92 кг.

өспендік А. Әбілов, 92 келіден жоғары салмақ дәрежесі, бойынша карағандылық Қ. Ниханбаев жеңімпаз танылды.

Түйе палуандыққа түскен палуандар арасында қарсыластарын айқын басымдылықпен ұтқан ауылымыздың жас спортшысы Еркебұлан Түсіпханов чемпион атанып, жүлдеге тігілген теледидар мен өгізшені сыйлыққа алды. Екінші орынға ие болған тағы бір жерлесіміз, жасөспірімдер арасында өткен әлемдік жарыстың жеңімпазы Дәурен Адамбаев күрестің әдемі үлгісін көрсетіп, көрермен көзайымы болды.

Батыр баба тойына арналған ұлттық спорт ойындарының IV ашық спартакиада сын қызықтаған жұртшылық рухани ләззат алып тарады.